

«Мөлдір бұлақ» бөбекжай-бақшасы

**«Қамқоршылық кеңестің» Ережесімен, мақсат-міндеттерімен
және құру тәртібімен таныстыру
(Қамқоршылық кеңес)**

Қайрат ауылы 2025-206 оқу жылы

«Қамқоршылық кеңестің» Ережесімен, мақсат-міндеттерімен және құру тәртібімен таныстыру

1. Жалпы ережелер

Қамқоршылық кеңес – білім беру ұйымының (немесе басқа ұйымның) қызметіне қоғамдық бақылауды қамтамасыз ету, материалдық-техникалық базасын нығайтуға жәрдемдесу және ашықтықты арттыру мақсатында құрылған алқалы кеңесші орган болып табылады. Қамқоршылық кеңес өз қызметінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын, уәкілетті органның нормативтік-құқықтық актілерін, ұйымның Жарғысын және осы Ережені басшылыққа алады.

2. Қамқоршылық кеңестің мақсаты

Қамқоршылық кеңестің негізгі мақсаты – ұйымның тұрақты дамуына жәрдемдесу, білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) құқықтары мен мүдделерін қорғау, қоғам мен ұйым арасындағы өзара байланысты нығайту.

3. Қамқоршылық кеңестің міндеттері

Қамқоршылық кеңестің негізгі міндеттері:

- ұйым қызметінің ашықтығын қамтамасыз ету;
- білім беру сапасын арттыруға ықпал ету;
- демеушілік және қайырымдылық көмекті тартуға жәрдемдесу;
- материалдық-техникалық базаны нығайтуға қатысу;
- әлеуметтік осал санаттағы білім алушыларға қолдау көрсету;
- ұйым басшылығының жылдық есебін тыңдау және талқылау;
- ата-аналар мен қоғам өкілдерінің пікірін ескеру.

4. Қамқоршылық кеңестің құрамы

Қамқоршылық кеңестің құрамына:

- ата-аналар қауымдастығының өкілдері;
 - жергілікті қоғамдастық, демеушілер, меценаттар;
 - қоғамдық ұйымдар мен БАҚ өкілдері;
 - ұйым басшылығы (дауыс беру құқығынсыз) кіруі мүмкін.
- Қамқоршылық кеңес мүшелері қоғамдық негізде жұмыс істейді.

5. Қамқоршылық кеңесті құру тәртібі

Қамқоршылық кеңес:

- ата-аналар жиналысының немесе жалпы жиналыстың шешімімен;
- ұйым басшысының бұйрығы негізінде құрылады.

Кеңес мүшелерінің саны тақ болуы тиіс. Кеңес төрағасы мүшелер арасынан ашық дауыс беру арқылы сайланады. Кеңес хатшысы тағайындалады.

Қамқоршылық кеңестің өкілеттік мерзімі 3 жыл.

6. Қамқоршылық кеңестің жұмыс тәртібі

- Кеңес отырыстары жылына кемінде 3 рет өткізіледі;
- Отырыстар хаттамамен рәсімделеді;
- Шешімдер ашық дауыс беру арқылы қабылданады;
- Қабылданған шешімдер ұсынымдық сипатта болады.

7. Қорытынды ережелер

Осы Ереже Қамқоршылық кеңес отырысында қаралып, бекітілген күннен бастап күшіне енеді.